

КӘСІБИ
МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ
БОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағы атынан Сіздерді кәсіби мереке-леріңіз – Судья және сот қызметкерлері күнімен құттықтаймыз! Бұл күн – судьялармен қатар, әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан, ел сенімін арқалаған сот жүйесінің қызметкерлері үшін ерекше маңызға ие.

Судья – қоғам мен мемлекет тұрақтылығының кепілі, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың тірегі, ел дамуына үлес қосатын парасат иесі. Сот төрелігінің тарихы тереңде жатыр. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы әділдікті ту еткен дала заңдары мен билер институты арқылы ұлттың бірлігі мен тұтастығын сақтап келген. Көшпелі қоғамда өмір сүрген халқымыздың құқықтық мәдениетінде Төле, Қазыбек, Әйтеке билер сыңды ұлы тұлғалар әділет пен даналықтың белгісіне айналды. Олардың әділ шешімі мен көрегендігі, парасатты пайымы – бүгінгі сот жүйесінің рухани өзегі мен үлгі-өнегесі.

Билердің «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қасиетті қағидасы – бүгінгі заманның судьялары үшін де темірқазықтай қағылып, кәсіби қызметінің басты ұстанымына айналды. Осы асыл мұраны жалғастыру ұлкен жауапкершілікпен қатар, мәртебелі міндет жүктейді.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап, сот жүйесі жаңа серпінді даму кезеңіне қадам басты. Ел Конституциясында сот билігінің дербестігі айқын көрсетіліп, «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бұл заң еліміздің сот билігіне жоғары сенім мен жауапкершілік жүктеп, судьялар корпусына кәсіби талапты арттырды. Бүгінгі таңда сот жүйесі – демократиялық қоғамның ажырамас бөлігі, құқықтық мемлекеттің берік тірегі ретінде қалыптасты.

Судья болу – бұл жай мамандық емес, үлкен сын мен жауапкершілік. Судья қабылдаған әрбір шешім адам тағдырына, қоғамның тұрақтылығына, ел бірлігіне әсер ететіні анық. Сондықтан бұл мамандық иелерінен терең білім, адамгершілік, сабыр мен салмақтылық, әділдік пен ар тазалығы талап етіледі.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СОТТЫҢ ӘДІЛЕТТІ
ШЕШІМІ – ҚОҒАМ
ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ



Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі қоғамның әділеттілігін қалыптастыратын маңызды құрылым. Бұл жүйенің тиімді жұмыс істеуі қоғамның құқықтық мәдениетін, заңға деген сенімін және құқықтық тәртіптің нығаюын қамтамасыз етуге негіз бола алады. Қай дәуірде болсын, қоғамның дамуы мен тұрақтылығы құқық үстемдігіне, ал құқықтың жүзеге асуы әділ соттың болуына байланысты болды.

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ – 2025

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Алматы облысы, Кеген ауданында дәстүрлі «Қымызмұрындық–2025» мәдени шарасы мен «Жодан жүйрігі» республикалық ат бәйгесі өтті. Онға жуық елден 10 мыңнан астам халық қатысқан бұл шарада ұлттық салт-дәстүріміз ұлықталып, мәдениетіміз бен өнеріміз паш етілген мерекелік күн болды.

Әйгілі Қарқара жәрмеңкесін қайта жаңғыртқандай болған әсем көрініс бұл күні мерекеге қатысушылардың есінде мәңгі ұмытылмас әсер қалдырғаны анық. Алыстан мен-мұңдалап көрініп, қаз-қатар боп тізілген ақ шаңқан киіз үйлер, алтыбақан тепкен жастар мен сызылта салған ән мен күйдің әуені кімді де болса өзіне еріксіз тартып алары анық. Өйткені ертең қымызмұрындық болады деген күні түнде нөсерлеткен жауын айналадағы шаң-тозаңды басып, түсті түкті кілемдей құлпырып жатқан жайлау көркін мүлде ажарландырып жіберді.

Темір тұлпарының тізгінін арнайы орнатылған еңселі де айбарлы қақпа алдына қойып, көлігінен шыққан жұрт жайлау төсіндегі сан алуан өсімдіктердің қызылды-жасылды гүлдерінің хош иісіне арбалып қалғандай күйге түсті. Одан кейін аз-кем бөгеліп ішке бет алғандар жолдың екі жағында бірнеше қатар болып сап түзеген күбі піскен жүз ақ жаулықты келіншектің қолынан қымыз ішіп, шөлін басқан кезде нағыз қымызмұрындықты өз көзімен көре бастады. Одан кейін арнайы әзірленген Қарқара жәрмеңкесіндегі қолөнер шеберлерінің бұйымдарымен, этномәде-

ни орталықтар жәдігерлерімен, ауыл шаруашылығы өнімдерімен, техникалармен және суретшілер көрмесімен танысып, Қазақстан этнодизайнерлер одағы мүшелерінің шеберлік сабақтарына қатысуға мүмкіндік алды.

(Жалғасы 8-бетте)



4-бет



Қала тазалығына қатысты заң қабылдайтын кез келді

5-бет



Еркеш
МАУКЕНҚЫЗЫ,
Жоғарғы Сот
судьясы:
«Әр
шешімнің
артында
адам
тағдыры
тұр»

6-бет



Жас
судьяларда
өзгеріс
енгізуге
деген ниет
жоғары

ТАРАТУ

6. «Агентство недвижимости Мечта» ЖШС (БСН 201140008151) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 42-үй, 14-блок, 2-қабат, 1-бутик; Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 34а үй, 191-пәтер, тел. 87066706222.

9. «КМК Kazmedikor» ЖШС Жалғыз қатысушысының шешімі негізінде БСН 1810400027653 (ҚР, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қазыбек би көшесі, 125/3 үй, 27-пәтер), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ғабдуллин көшесі, 53Б, н. т. 43, тел.+ 77018727990.

10. «Фирма «Комфорт» ЖШС (БСН 871040000071) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 480012, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 113-үй, тел. 87058301124.

19. «Али-Нұр бала бақшасы» ЖШС (БСН 130240027173) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Самал-1 шағын ауданы, Ұлытау көшесі, 72-үй, пошта индексі 160900.

20. «ТехМонтажСнаб» ЖШС (БСН 131040025013) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әулие Ата ауданы, Сыпатай батыр көшесі, 11-үй, тел. 87779325106.

21. «ELTAY» ЖШС (БСН 150440004839) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Бөгенбай батыр даңғылы, 62-үй, тел. +77016277573.

22. «Бірлік» су пайдаланушылар СТК (БСН 070440016101) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылы, Ж. Жабаев көшесі, 18., тел. 87711437165.

ӘРТҮРЛІ

7. «Хозяйственное управление аппарата акима ЗКО» ЖШС (БСН 010740002558) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар төмендегі мекенжай бойынша бір ай ішінде қабылданады. БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179-үй.

11. «SERILIK-M CONSTRUCTION» ЖШС (БСН 141240013564, ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Гүлдала ауылы, Д.Қонаев көшесі, 61А үй), «Shanirak Stroy» ЖШС-ні (БСН 170840002404) өзіне қосу арқылы қайта құрылатынын хабарлайды. Талаптар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Рысқұлов даңғылы, 120Б, тел. +77015181118.

12. «Shanirak Stroy» ЖШС (БСН 170840002404, ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Гүлдала ауылы, Д.Қонаев көшесі, 61А үй), «SERILIK-M CONSTRUCTION» ЖШС-мен (БСН 141240013564) қосылу арқылы қайта құрылатынын хабарлайды. Талаптар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Рысқұлов даңғылы, 120Б, тел. +77015181118.

13. «ОУКА-Ғ» ЖШС (БСН 150840015879) жарғылық капиталдың мөлшерін 1 518 360 565 (бір миллиард бес жүз он сегіз миллион үш жүз алпыс мың бес жүз алпыс бес) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талаптар жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 32 үй, 408-кеңсе.

14. Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» заңның 25-бабына сәйкес 2025 жылғы 24 шілдеде сағат 15:00-де сумен жабдықтау және су беру қызметтері бойынша бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы, сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, сондай-ақ 2025 жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында есеп беру бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері: «Алматы Су» МКҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 196.

Есеп берудің өткізілетін күні мен орны: 2025 жылғы 24 шілде, сағат 15-00, Алматы қаласы, Жароков көшесі, 196, 2 қабат (конференц-зал).

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі: сумен жабдықтау жөніндегі қызметтер, су беру жөніндегі қызметтер.

Есеп беру бойынша жария тыңдаулар офлайн және онлайн форматтарда өткізілетін болады. Зоом платформасындағы бейнеконференцияға қосылу сілтемесі тыңдау өткізілгенге дейін бір күн бұрын кәсіпорынның www.almatysu.kz ресми сайтында орналастырылады.

15. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Павлока ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 980240001334). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:

Қазақстан Республикасы, 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Ленин көшесі, 43.

16. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 971240002511). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді селосы, Ленин көшесі, 43.

17. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қостомар ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 980140000789). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Ленин көшесі, 43.

18. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қызылегіс ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 970140000430). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Ленин көшесі, 43.

23. «DANK-LAM» ЖШС (БСН 080640004701) жарғылық капиталдың мөлшерін 220 586,00 (екі жүз жиырма мың бес жүз сексен алты) теңгеге дейін азайғанын хабарлайды. Талаптар жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Панфилов көшесі, 101-үй, 78-бөлме мекенжайы бойынша қабылданады.

24. «MOTHERLAND» («МАЗЕРЛЭНД») ЖШС (БСН 050140004490) өзінің жарғылық капиталы 140 000 000 (жүз қырық миллион) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 34/29-үй, 5-қабат.

25. ЖШС «DNN Invest» (БСН 060640009580) өзінің жарғылық капиталы 35 500 000,00 (отыз бес миллион бес жүз мың теңге нөл тиын) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тәжібаева көшесі, 155-үй, индекс 050060.

27. РМҚ «Қазводхоз» Ақмола филиалы қолданыстағы монополияға қарсы заңнамаға сәйкес қалыптасқан статистика деректері бойынша жалақы деңгейін өсіруге байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 18 маусымдағы № 56-НҚ бұйрығына сәйкес **тарату желілері арқылы сумен жабдықтау (Ижевск ОК)** қызметіне **2025 жылдың 1 шілдесінен** бастап жаңа тарифтің енгізілетіні туралы хабарлайды:

Тұтынушылар тобы	Тұтынушылар атауы	Утвержденные дифференцированные тарифы	
		тенге/м³ КҚСсыз	тенге/м³ КҚС қосқанда
1 - топ	халықтың санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына суды тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) қоректендіру көлемі шегінде, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемінің шегінде жылу энергиясын берумен және бәлумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су беру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар	253,11	283,48
2 - топ	басқа тұтынушылар – бірінші және үшінші топтардың құрамына кірмейтін заңды тұлғалар	730,05	817,66
3 - топ	бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар қаражаты	1 157,66	1 296,58

28. «Қазушар» РМҚ Ақмола филиалы қолданыстағы монополияға қарсы заңнамаға сәйкес облыстардағы экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің орташа айлық жөнімалды жалақысының ұлғаюына сондай-ақ стратегиялық тауар (электр энергиясы) құнының ұлғаюына байланысты, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Ақмола облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментінің 2025 жылдың 18 маусымда №955-НҚ бұйрығына сәйкес 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап магистральдық құбырлар арқылы су беру қызметіне 292,01 теңге/м³ мөлшерінде (КҚС есептемегенде) тариф енгізілгені туралы хабарлайды.

МҰРАГЕРЛІК

4. 2022 жылдың 14 қазанында қайтыс болған Әбуов Төлегеннің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

5. 2025 жылдың 25 сәуірінде қайтыс болған Мұхаманов Жақан Муратхановичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.С.Жаулыбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Тауғұл-3 ауданы, Бутина көшесі, 9/11 үй, тел. 87013552522.

8. 2025 жылдың 21 наурызында қайтыс болған Калыбекова Кларшин Мұкамаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Б.А.Рахмаеваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы облысы, Талғар қаласы, Гагарин көшесі, 102. Тел. 87788954704.

26. 20.02.2025ж. қайтыс болған Алиман Ахметтің артынан мұрагерлік ісі ашылды. Мүдделі тараптар мен Мұрагерлер Алматы облысының нотариаттық округтің нотариусы Қасымова Мадина Молдатаевнаға хабарласуы керек. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Марат Ысқақ көшесі, 76-үй, тел. 87770251555.

■ МЕРЕЙТОЙ

Еңбек елеусіз қалмайды

Амангелді Тұңғышұлы Бекжігіт Жамбыл облысы, Меркі ауданы, «Ақтоған» ауылының тумасы. зиялы отбасында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін аяқтаған соң әскери борышын өтеп, алғашқы еңбек жолын Жамбыл облысы Меркі аудандық ішкі істер бөлімінде жедел уәкіл қызметінен бастады. Одан кейін Оңтүстік Қазақстан облыстық салық (қаржы) полициясы органдарында



түрлі лауазымдарда, атап айтқанда: тергеуші, аға тергеуші, аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші, анықтау бөлімінің бастығы, Сайрам ауданы бойынша қаржы полициясы басқармасының бастығы, Департаментінің штаб бастығының орынбасары, штаб бастығы лауазымдарында қызмет атқарды. 2011 жылдың желтоқсан айынан қызмет етудің шекті жасына жетуіне байланысты отставкаға шықты.

Әріптесіміздің еңбегі елеусіз қалған жоқ. Адал қызметі үшін Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі төрағасының Күрмет грамотасымен марапатталды. Жылдар бойғы тәжірибесін еліне арнаған Амангелді Тұңғышұлы зейнетке шыққаннан кейін де «Арсенал» күзет агенттігі ЖШС-нің директоры қызметін атқарды. Ал 2019 жылдан бастап бүгінгі таңға дейін Шымкент қалалық заң кеңесшілері палатасының мүшесі ретінде заңгерлік кеңсе беруде.

Өзінің еңбекқорлығын кәсіпқойлығымен ұштастырған қайырымдылық, мейірімділік сияқты жоғары адами қасиеттерімен ерекшеленген әріптесіміздің мерейтойы құтты болсын! Еңбегінің жемісін көріп, халықтың құқықтық сауатын арттыру бағытындағы жұмысында алғысқа бөлене берсін!

О. ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Шымкент қаласы Заң консультанттары палатасының төрағасы

БАНКРОТТЫҚ

2. «Нұрбанк» АҚ Алматы қаласының МАЭС-ының 11.06.2025 жылғы ұйғарымы бойынша «Астера плюс» ЖШС-н (БСН 061240001913) банкрот деп тану туралы іс қозғалғанын хабарлайды.

3. «Нұрбанк» АҚ Астана қаласының МАЭС-ының 17.06.2025 жылғы ұйғарымы бойынша «Firma RTD» ЖШС-н (БСН 150940012739) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-77,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.